

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік мекемелерінің жарғыларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № 17 бұйрығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрыққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 20.09.2021 № 459 бұйрығымен (өзгеріс енгізілмеді).

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы" мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы (Астана қаласы)" мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

3) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Қазселденқорғау мемлекеттік мекемесінің жарғысы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Республикалық құтқару қызметі "Барыс" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

5-1) осы бұйрыққа 5-1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкіұлы Есет батыр атындағы 20982 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Қасым Қайсенов атындағы 68303 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

6-1) осы бұйрыққа 6-1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 55209 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Мартбек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы;

7-1) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

8) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

9) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

10) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 14.07.2022 № 265 бұйрығымен.

10-1) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

11) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

12) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

13) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

13-1) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

14) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

15) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

16) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

17) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

18) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

19) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

20) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

20-1) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

21) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43 бұйрығымен;

бұйрығымен;

42) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43

бұйрығымен;

43) алып тасталды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 10.02.2025 № 43

бұйрығымен;

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.06.2021 № 254; өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 14.07.2022 № 265; 22.09.2022 № 95; 15.12.2022 № 309; 27.03.2023 № 136; 10.10.2023 № 551; 03.07.2024 № 259; 10.02.2025 № 43; 17.04.2025 № 140; 12.03.2026 № 110 бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Көкшетау техникалық институтының бастығы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары бастықтары, әскери бөлімдерінің командирлері, Апаттар медицинасы орталығы, Қазселденқорғау және Республикалық жедел-құтқару жасағының басшылары:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында көрсетілген жарғыларды қайта тіркеу бойынша шараларды қабылдасын;

2) көрсетілген жарғыларды жеке құрамның зерделеуін ұйымдастырсын және оларды практикалық қызметте басшылыққа алуды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
генерал-майор

Ю. Ильин

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің
2020 жылғы 3 қарашадағы
№ 17 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы" мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.06.2021 № 254 бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Академия) жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: республикалық.

3. Академия "Көкшетау техникалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы № 243 қаулысына сәйкес құрылды.

4. Академияның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан мемлекет болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты Академияның мүлкіне қатысты құқық субъектісінің қызметтерін жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) болып табылады.

6. Академияның атауы:

мемлекеттік тілде: "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан".

7. Академияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ақан сері көшесі, 136 - үй.

2-тарау. Академияның заңды мәртебесі

8. Академия мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Академия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрлері болады.

Академияда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі бар мөрдің үш түрі пайдаланылады:

шеңбер аясы бойымен "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік тілдегі мәтіні бар және государственное учреждение "Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан" орыс тіліндегі мәтіні бар № 1 мастикалық мөр

Академия бастығы немесе оны алмастыратын тұлға қол қоятын құжаттарға, шешімдерге, өкімдерге қойылады;

шеңбер аясы бойымен "ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы" мәтіні бар № 2 мастикалық мөр Академия қызметкерлерінің және күндізгі оқу факультеті курсанттарының қызметтік және марапаттау куәліктеріне қойылады;

шеңбер аясы бойымен "ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы" мәтіні бар № 3 сүргіш мөрі ант қабылдаған тұлғалардың тізімі сақталатын ерекше папкаларға қойылады.

10. Академия басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Академия өзінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді.

12. Академияның Азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

13. Академия Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 қазандағы № 541 бұйрығымен бекітілген Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік білім беру мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсауы қағидаларына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ұсынуға құқылы.

3-тарау. Академия қызметінің мәні мен мақсаттары

14. Академия қызметінің мәні ғылым мен практика жетістіктері, ұлттық және қоғамдық құндылықтар негізінде (оның ішінде ақылы негізде) жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

15. Академия қызметінің мақсаты:

1) таңдаған кәсіби қызметінде жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білім алу арқылы тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуына қажеттіліктерін қанағаттандыру;

2) азаматтық қорғау саласындағы кең бейінді мамандарды даярлау;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік база құру, қажетті оқулықтар топтамасын, оқу құралдарын, анықтамалар, сөздіктер, альбомдар, сызбалар мен оқу әдебиеттерінің басқа да түрлерін дайындау және басып шығару;

4) оқытудың жаңа технологияларын және оқу процесін ақпараттандыруды енгізу болып табылады.

16. Мақсатқа жету үшін Академия мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) тиісті мамандық (білім беру бағдарламасы) бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, жоғары білім бағдарламасы (күндізгі оқу нысаны бойынша, сондай-ақ қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі - ҚБТ) қолдана отырып оқыту;

2) тиісті мамандық (білім беру бағдарламасы) бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, жоғары білім бағдарламасы (күндізгі оқу нысаны бойынша) бойынша шарттық негізде басқа мемлекеттер үшін оқыту;

3) тиісті мамандық (білім беру бағдарламасы) бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқыту;

4) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқыту;

5) қазіргі заманғы талаптарға сай келетін кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған (оның ішінде ақылы негізде) қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

6) азаматтық қорғау проблемалары және заңнаманы жетілдіру бойынша нысаналы арнайы ғылыми зерттеулер (оның ішінде ақылы негізде) жүргізу.

7) ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік құпиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ету бойынша қызметін жүзеге асырады.

Академияның өзінің осы Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметін жүзеге асыруына, сондай-ақ мәмілелер жасауына тыйым салынады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 01.10.2021 № 492 бұйрығымен.

17. Академия қызмет мақсаттарына, Қазақстан Республикасының заңдарына немесе құрылтай құжаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

18. Академия басшысының жарғыға сай емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылады және тәртіптік, сонымен қатар, материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеліп соғады.

4-тарау. Академияның білім беру процесін ұйымдастыру

19. Академия қолданыстағы нормативтік талаптармен бекітілген Білім беру бағдарламаларының тізбесіне сәйкес жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және

қосымша кәсіптік білім берудің (бастапқы оқыту, қайта даярлау және біліктілікті арттыру) негізгі білім беру кәсіптік бағдарламаларын іске асырады. Білім беру бағдарламаларының осы тізбесі өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

20. Академияға қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

21. Академия мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде мынадай тауарларды (жұмыстарды және қызметтерді) ұсынады:

- 1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- 2) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру;
- 3) ғылыми зерттеулер жүргізу;
- 4) оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу және (немесе) іске асыру;

22. Академия білім беру қызметіне сәйкесінше лицензиясы бар болған жағдайда ғана білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдауды жариялайды.

23. Оқуға кандидаттардың Академия аумағында болу тәртібі мен шарттары, күн тәртібі және олардың қызмет уақытының регламенті, сондай-ақ олардың ішкі тәртіпті сақтауы жөніндегі талаптар, белгіленген талаптар бұзылған жағдайда тәртіптік ықпал ету шаралары Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі нормативтік құқықтық актілерімен және Академия бастығының бұйрығымен жыл сайын оқуға түсу емтихандары кезеңінде оқуға түсушілердің санаттары бойынша жеке-жеке анықталады.

24. Академияда мынадай санаттағы адамдар оқиды:

1) курсанттар - тиісті мамандық бойынша жоғары білімнің (бакалавриат) білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанында және ҚБТ қолданумен оқитын адамдар;

2) магистранттар - тиісті мамандық бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура) бойынша білім алатын тұлғалар;

3) докторанттар - тиісті мамандық бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (докторантура) бойынша білім алатын тұлғалар.

4) тыңдаушылар - қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқитын тұлғалар;

25. Күндізгі оқу нысанындағы курсанттар, магистранттар, докторанттар үшін оқу жылы академиялық күнтізбемен белгіленген мерзімде басталады және аяқталады.

26. ҚБТ қолдана отырып білім алушылардың курсанттары үшін оқу жылының басы тиісті оқу жылына оқу процесінің кестесіне сәйкес анықталады.

27. Мамандықтар бойынша білім беру процесінің мазмұны және оны игеру мерзімдері білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен айқындалады.

28. Академияда оқу үдерісін ұйымдастыру білім беру бағдарламаларының тізбесіне, тиісті деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, академиялық күнтізбеге, білім беру бағдарламаларының үлгілік жоспарларына, пәндер

бойынша үлгілік және жұмыс оқу бағдарламаларына, тиісті академиялық кезеңге әрбір оқу нысаны үшін оқу сабақтарының кестелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Академияның оқу қызметінің құрылымы оқу жоспарлары (үлгілік, жеке, жұмыс) және кәсіптік оқу бағдарламалары, оқу жүктемесінің көлемі, академиялық кезеңдердің ұзақтығы, академиялық сабақтардың түрлері, оқу материалының көлемі негізінде қалыптастырылады.

29. Білім беру процесі, білімді ағымдағы бақылау жүйесі, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау, оларды Академияда кредиттік оқыту технологиясы бойынша өткізу нысаны мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқытудың кредиттік технологиясын пайдалану кезінде мынадай негізгі оқу жұмыс түрлері белгіленген: дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, өндірістегі практика, кәсіптік практика, дипломдық жұмыс (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының басшылығымен жүргізіледі.

30. Қорытынды аттестаттау Министрлік бекітетін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау қағидалары негізінде әр деңгейдегі білім беру бағдарламаларының талаптарымен анықталған нысандар бойынша жүргізіледі.

31. Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін академиялық сағат ұзақтығы кемінде 40 минут болып белгіленеді.

32. Жоғары және кәсіптік білім беру бағдарламасын меңгеру түлектердің міндетті қорытынды аттестациясымен аяқталады.

33. Курсант, магистрант, докторант, тыңдаушы мынадай жағдайларда Академиядан оқудан шығарылуы мүмкін:

- 1) өз қалауы бойынша;
- 2) денсаулық жағдайы бойынша (әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде);
- 3) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- 4) үлгерімнің ауысу балын (GPA) алмаған немесе белгіленген мерзімде академиялық қарызды жоймаған курс бағдарламасын орындамағаны, сондай-ақ академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 5) қызметтік тәртіпті өрескел бұзғаны үшін;
- 6) құқық қорғау органының беделін түсіретін теріс қылық жасағаны үшін;
- 7) жарғыдан тыс өзара қарым-қатынас ретінде жіктелетін, сол сияқты ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітуге немесе жәбірленушіні қорлауға байланысты не зорлық-зомбылықпен ұштасқан іс-әрекеттер жасағаны үшін;
- 8) оқу орнының орналасуын өз бетімен қалдырғаны, сол сияқты каникулдық демалыстан кейін оқу орнына дәлелсіз себептермен келмегені, Академия орналасқан

жерден, оқу, өндірістік немесе диплом алдындағы практикадан босатылғаны үшін (күндізгі оқу курсанттары үшін);

9) Академияға келу кестесіне сәйкес оқу орнына дәлелсіз себептермен келмегені үшін (ҚБТ қолдана отырып білім алушылардың курсанттары үшін);

10) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы байланысты;

11) келісім-шарттың бұзылуына не мерзімінің аяқталуына байланысты;

12) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына байланысты;

13) білім алушының заңнамада белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз деп танылуына байланысты;

14) азаматтық қорғау органдарынан босатылуына байланысты шығарылуы мүмкін (ҚБТ қолданумен білім алушылардың курсанттары үшін).

Азаматтық қорғау органдарынан босатылған ҚБТ қолданумен білім алушылардың соңғы курсының курсанттарына мынадай жағдайларда оқуды аяқтауға рұқсат етіледі:

штат қысқарған кезде;

ауруына байланысты немесе денсаулықтың шектеулі жағдайы бойынша;

өз еркі бойынша.

ҚБТ қолдану арқылы оқитын курсанттарға, арнайы әскери атақтары жойылған магистранттарға, докторанттарға Академияда оқуды жалғастыруға рұқсат етіледі.

34. Академия күндізгі оқу бөлімінің курсанттарымен олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен), ҚБТ қолданумен білім алушылармен, магистранттармен, докторанттармен қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Академияда озық педагогикалық және ақпараттық технологияларды, жеке оқыту және өз бетімен білім алу құралдарын, Министрліктің бөлімшелерінің практикалық қызметімен байланысты нығайтуды игеру есебінен мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізіледі.

36. Академия білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа мынадай жолмен қатысады:

1) курсанттардың, магистранттардың, докторанттардың, адъюнкттердің, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен екі жақты және көп жақты алмасу бағдарламаларына қатысу;

2) бірлескен ғылыми зерттеулер, сондай-ақ конгрестер, конференциялар, симпозиумдар және басқа да іс-шаралар өткізу;

3) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;

4) профессорлық-оқытушылар құрамның біліктілігін және өзге де халықаралық ынтымақтастыққа байланысты қызметті арттыру;

37. Академия әскери қызмет өткеретін адамдар, сондай-ақ "6В12191 - Азаматтық қорғаныстың командалық тактикалық күші" білім беру бағдарламасы бойынша оқитын

курсанттар "Азаматтық қорғау туралы" және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген мәртебеге ие және құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады. Академияда әскери қызмет өткеру тәртібі Қазақстан Республикасының Әскери қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Күндізгі оқу нысанындағы курсанттарға Академия бастығының жеке құрамның тізіміне қабылдау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұйымдарымен келісілгеннен кейін белгіленген үлгідегі әскери билет беріледі.

38. Академия, сондай-ақ Академия бағыттауы бойынша шетел мемлекеттерінің білім беру ұйымдарында оқып жатқандар тәртіпсіздік, үлгермеушілік бойынша, сондай-ақ өз еркі бойынша оқудан шығарылған болса, олар оқу барысында оқуына, стипендия төлегенге, тамақтануына, киім-кешегіне, сондай-ақ демалыс кезінде оқу орнына барып-келуіне жұмсалған бюджеттік құралдарды мемлекетке қайтаруға міндетті. Ұсталып қалуға жататын сома, білім беру ұйымында болудың әр толық айына пропорционалды есептеледі.

39. Академия ғылыми кеңесінің шешімі және Төтенше жағдайлар министрлігімен келісім бойынша 3-ші және 4-ші курс курсанттарына орнатылған күн тәртібін ескере отырып, Академиядан тыс жерде тұруға рұқсат етіледі. Академиядан тыс жерде курсанттардың тұру тәртібі Академиямен орнатылады.

40. Жоғары академиялық үлгерімі бар, оқуда жақсы көрсеткіш көрсеткен, Академияның ғылыми, қоғамдық және спорт өміріне белсенді қатысқан курсанттарға марапат ретінде жазғы демалысқа күндер қосылып беріледі. Қосымша күндердің санын Академияның Ғылыми кеңесі шешеді.

41. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен Академияны күндізгі оқу түрі бойынша бітірген түлектерге "Азаматтық қорғау лейтенанты" арнаулы атағы, ал әскери мамандықтар бойынша оқып жатқан курсанттарға "лейтенант" әскери атағы беріледі.

5-тарау. Академияны басқару

42. Академияны жалпы басқаруды Министрлік жүзеге асырады.

43. Министрлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Академияға мүлікті бекітіп береді;
- 2) Академияның жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Академия жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 5) Академияның құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) Академия басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

7) Академия басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындауды келіседі;

8) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

9) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, Академияға берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алуға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

10) Академияның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді;

11) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша республикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

12) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жою үшін Академияның жеке құрамын (әзірлігі жоғары жедел бөлімше) тартады

44. Академияны Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті бастығының ұсынысы бойынша және Министрліктің жетекшілік ететін орынбасарының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын бастық басқарады.

45. Академия бастығы Академия жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Академияға жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауап береді.

46. Академия бастығы дара басшылық қағидатымен әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталатын оның құзыретіне сәйкес Академия қызметінің мәселелерін өз бетімен шешеді.

47. Академия бастығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Академия қызметін жүзеге асырғанда:

1) Академия атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда Академияның мүддесін қорғайды;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту, қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да түрлері бойынша Академия жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер міндетті орындауы үшін бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Академия номенклатурасына кіретін қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

9) Азаматтық қорғау органдарының қатардағы және кіші басқарушы құрамдағы тұлғаларға алғашқы және кезекті арнаулы атақтарды, әскери атақтарды сарбаз және сержанттық құрамға (оның ішінде қайта аттестаттау тәртібінде), орта басқарушы құрамның тұлғаларына азаматтық қорғау органдарының капитаны атағын қоса кезекті арнаулы атақтарды, офицерлік құрамның әскери міндеттілеріне подполковник атағын қоса кезекті әскери атақтарды бере алады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Академия қызметкерлерін ынталандыру шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

11) Академия қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігі шеңберін айқындайды;

12) бағынысты құрылымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзылушылығының әрбір жасалған фактісі бойынша дербес жауап береді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

48. Академияны басқарудың Алқа органы Ғылыми кеңес болып табылады, оның құзыреті, жұмысының ұйымдастырылуы және шешімдер қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

6-тарау. Академия мүлкінің қалыптасу тәртібі

49. Академия мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, олардың құны оның теңгерімінде көрсетіледі. Академия мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлктің;

2) жарғылық қызмет нәтижесінде сатып алынған мүлктің;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

50. Академия өзіне бекітілген мүлкті оған қаржыландыру жоспарымен бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

51. Егер Академияға Қазақстан Республикасының заңдарымен Академияға табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілетін болса, онда осындай қызметтен алынған қаражат мемлекет бюджетіне аударуға жатады.

52. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен қосымша қаржыландыру көзі бекітілмесе, Академия қызметі республикалық бюджет қаражатымен қаржыландырылады.

53. Академия бухгалтерлік есепті жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есеп ұсынады.

54. Академияның қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте Министрлік және/немесе уәкілеттік органдар жүзеге асырады.

7-тарау. Академиядағы жұмыс тәртібі

55. Академияның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

8-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

56. Академияның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Министрліктің шешімі бойынша жүзеге асыралады.

57. Академияның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу " Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

9-тарау. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

58. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату Үкіметтің шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

59. Таратылған Академияның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

60. Таратылған Академияның ақшасы кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлікті өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі

10-тарау. Қорытынды ережелер

61. Осы Жарғы Академияның құрылтай құжаты болып табылады, Министрлікпен бекітіледі.

62. Осы Жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі
2024 жылғы 10 шілдедегі
№ 264 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығы мемлекеттік мекемесінің (Астана қаласы) жарғысы

Ескерту. Жарғысы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 10.07.2024 № 264 бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығы мемлекеттік мекемесі (Астана қаласы)" (бұдан әрі - Орталық) заңды тұлға мәртебесі бар мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме түрі: республикалық.

3. Орталық "Төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасының шұғыл медициналық көмек қызметін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 27 қыркүйектегі № 1068 қаулысына, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің қарамағына беру және қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2007 жылғы 17 тамыздағы № 704 қаулысына сәйкес құрылды.

4. Орталықтың құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

5. Орталықтың мемлекеттік басқару органы, сондай ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын органы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) болып табылады.

6. Орталықтың толық атауы: "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесі (Астана қаласы).

7. Орталықтың заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000 индексі, Астана қаласы, Есіл ауданы, Шұбар тұрғын алабы, Алпамыс батыр көшесі, 23/1.

2-тарау. Орталықтың заңдық мәртебесі

8. Орталық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап заңды тұлға құқығын иеленеді.

9. Орталықтың заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде есепшоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауымен бланкілері, мөрлері және мөртабаны, мекеменің рәмізі, арнайы нысаны, шевроны және оның қызметі үшін қажетті басқа да реквизиттері бар.

10. Орталық белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікке иелену, пайдалану, өкімдік ету құқықтары берілген мекемелерді қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Орталық филиалдарды құра алады.

12. Орталық өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Орталықта ақша қаражаты жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауапкершілікті Қазақстан Республикасының Үкіметі алады.

13. Орталықтың жасасатын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелуге жатады.

Шарттық міндеттемелер бойынша Орталықтың жауапкершілігі заңнамаға сәйкес оны ұстауға бекітілген смета шегінде басталады.

3-тарау. Орталық қызметінің мәні мен мақсаттары

14. Орталық қызметінің мәні Орталық бөлімшелерінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында (бұдан әрі - ТЖ) зардап шеккендерге шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге дайындығын қамтамасыз ету бойынша шаралар ұйымдастыру болып табылады.

15. Орталықтың мақсаты ТЖ және жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету шараларын жүзеге асыру арқылы адам шығынын азайту болып табылады.

4-тарау. Орталықтың құқықтары мен міндеттері

16. Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Орталық (және оның филиалдары) төмендегі қызмет түрлерін іске асырады:

1) кезекшілік-диспетчерлік қызметін тәулік бойы қызметін құрады, ұстайды және қамтамасыз етеді;

2) Министрліктің аумақтық органдарының дағдарыс жағдайларында басқару басқармаларының кезекшілік-диспетчерлік қызметтерімен, құтқару қызметтерімен, ТЖ Министрліктің аумақтық органдарының стационарлық және жылжымалы байланыс пункттерін орналастыру кезінде байланысты және тұрақты ақпаратпен алмасуды орнатады;

3) ТЖ медициналық-санитарлық салдарының қаупі және (немесе) оның туындауы туралы ақпаратты жинайды, тіркейді; оны өңдеуді, анықтығын тексеруді жүзеге асырады, жетіспейтін немесе нақтылауды қажет ететін мәліметтерді сұрастырады;

4) ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жою кезінде медициналық қамтамасыз ету күштерінің және құралдарының өзара іс-қимылы бойынша республикалық, жергілікті және ведомстволық бағыныстағы денсаулық сақтау ұйымдарына ұсыныстар әзірлеуге қатысады;

5) өз құзыреті шегінде Министрліктің басшылығына ТЖ туындау қаупі және (немесе) қатері кезде шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын оқшаулау бойынша іс-шараларды жоспарлау және уақытылы нақтылауға және ТЖ медициналық-санитарлық салдарларын жоюға қатысады;

7) ТЖ медициналық-санитарлық салдарын жою мәселелері бойынша авариялық - құтқару қызметтерімен және азаматтық қорғау құралымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

8) ТЖ кезінде шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету күштері мен құралдарын құрады, әзірлікте ұстайды және жұмысын қамтамасыз етеді, осы мақсатта Орталық құралымдарының далалық жағдайда жұмыстарын қамтамасыз ету үшін арнайы медициналық және басқа да техниканы, аппараттар мен жабдықтарды, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін, байланыс құралдарын, дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың жедел қорларын, жеке жабдықтар, Орталық құралымдары қызметкерлерінің қорғаныш құралдары мен арнайы киімдерін, жиһаз және басқа да мүліктерін қолдануға және пайдалануға дайындықта ұстайды және қолдайды;

9) ТЖ сипаты мен ауқымына қалыптасқан жағдайға байланысты шұғыл медициналық-психологиялық көмек көрсету үшін Төтенше жағдайлар министрімен, Министрліктің аумақтық органдарының бастықтарымен бекіткен өзара іс-қимыл жасау жоспарлары бойынша және де тікелей Орталық басшысымен регламентке сәйкес Орталық филиалдарының қосымша күштері мен құралдары тартылады;

10) Апаттар медицинасы мәселелері бойынша ғылыми-тәжірибелік әзірлемелерге қатысады, сондай-ақ Орталықтың және оның филиалдарының басқару мен қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, Орталықтың және оның филиалдарының медициналық персоналы кәсіби даярлығын ұйымдастырады және әдістемелік басшылық жасайды, ТЖ дәрігерге дейінгі және психологиялық көмек көрсету мәселесі бойынша құтқарушыларды және әртүрлі санаттағы халықты даярлауға қатысады, соның ішінде ТЖ медициналық-санитарлық салдарларының алдын алу және жою, Орталықтың және оның филиалдарының қызметін жетілдіру мәселелерін шешуге бағытталған бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысады;

11) ТЖ медициналық-санитарлық салдарлары туралы ақпараттарды жинауды, тіркеу және сақталуын жүргізеді, олардың өңделуін, ықтимал медициналық-санитарлық жағдайларға ретроспективті талдау жасауды жүзеге асырады ;

12) ТЖ медициналық-санитарлық салдарларының алдын алу және жою мәселелерін шешуге, Орталықтың және оның филиалдарының қызметін жетілдіруге бағытталған құтқарушылар мен әртүрлі санаттағы халықтың ТЖ кезінде дәрігерге дейінгі және психологиялық көмек көрсету мәселелерін де дайындауға қатысады;

13) құтқарушылар мәртебесін беру үшін Орталық және оның филиалдарының қызметкерлеріне, трассалық медициналық-құтқару пунктердің (бұдан әрі - ТМҚП) қызметкерлерін қоса, аттестациялауға қатысады және өткізеді;

14) авариялық - құтқару қызметтерінің қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетеді және Орталық, филиал және оның ТМҚП қызметкерлеріне күнделікті қызмет жағдайында қолдау көрсетеді, соның ішінде аталған санаттағы тұлғалар қатарынан зардап шеккендерге шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетеді;

15) азаматтық қорғау қызметкерлеріне, Орталықтың және оның филиалдары қызметкерлеріне психологиялық тексеруді және кәсіби іріктеуді жүзеге асырады;

16) психодиагностикалық және психофизиологиялық зерттеу нәтижелері бойынша кадр аппараттары үшін психологиялық сипаттамалар дайындалады, соның ішінде ұсынымдық сипаттағы нысанда қорытынды рәсімделеді;

17) Орталықтың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оның ТЖ медициналық - санитарлық салдарларын жою іс-шараларын өткізуге дайындығын арттыруға бағытталған қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асырады.

17. Орталықтың осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ және оның құрылу мақсатына жауап бермейтін іс-әрекетпен айналысуға құқығы жоқ

18. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік, материалдық және әкімшілік жауапкершілікке әкеледі.

5-тарау. Орталықты басқару

19. Орталықты жалпы басқаруды Министрлік жүзеге асырады.

20. Министрлік заңнамамен белгіленген тәртіппен Орталықты басқару жөніндегі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1). Орталықтың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, бекітеді;

2). Орталық басшысының құқығын, міндеттері мен жауапкершіліктерін, айқындайды;

3). Орталыққа мүлікті бекітеді;

4). Орталықты ұстауға смета (шығындар жоспарын) және Орталықтың жылдық жоспарын бекітеді.

5). Орталыққа берілген мүліктің сақтануын бақылауды жүзеге асырады;

6). Орталық басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын тағайындайды және орнынан босатады;

7). қаржылық есеп берулер тәртібін бекітеді және заңнамамен белгіленген өзге де қызметтерді іске асырады.

21. Орталық құрылымы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен бекітіледі;

22. Орталық басшысы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрімен лауазымға тағайындалады және босатылады.

23. Орталық басшысы Орталық пен оның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыруды және басшылық жасауды жүзеге асырады, тікелей Министрлікке бағынады және Орталыққа жүктелген міндеттерді орындауда және олардың функцияларын жүзеге асыруға дербес жауаптылықта болады.

24. Орталық басшысы дара басшылық үрдісімен әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретке сәйкес және осы Жарғымен Орталық және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызмет мәселелерін өз бетінше шешеді.

25. Орталық қызметін жүзеге асыру кезінде, Орталық басшысы бекітілген заңнамалық тәртіпте:

- 1) Орталық атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) Орталықтың мүдделерін барлық ұйымдарда қорғайды;
- 3) заңнамамен белгіленген жағдайларда және шегінде Орталық мүлкіне билік жасайды;
- 4) шарттар жасасады;
- 5) сенімхаттар береді;
- 6) іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді оқыту орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктіліктерін арттырудың басқа да түрлері бойынша Орталықтың ішкі тәртібі және жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 7) банк есеп шоттарын ашады;
- 8) Орталық және оның құрылымдық бөлімшелерінің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 9) Орталықтың ТМҚП жұмыскерлерінің жұмысын ұйымдастырудың вахталық әдісі туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- 10) Орталық қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 11) Министрлікпен келісім бойынша филиал басшыларын жұмысқа қабылдайды және қызметтен босатады;
- 12) Орталық және оның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлеріне мадақтау шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 13) Орталық және оның бөлімшелері қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 14) жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаудың әрбір фактысы бойынша, бағынысты құралымдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер бойынша дербес жауапкершілікте болады;
- 15) оған заңнамамен, осы Жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

6-тарау. Орталықтың мүлкін құру және қызметін қаржыландыру тәртібі

26. Орталықтың мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен құрылады және негізгі қор мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Орталықтың балансында көрсетілген өзге де мүліктерден тұрады.

27. Орталықтың мүлкі жедел басқару құқығымен беріледі және республикалық меншікке жатады.

28. Егер Орталыққа қызметтен түсетін кірісті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

29. Орталықтың қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттің және Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбайтын басқа да түсімдердің есебінен жүзеге асырылады.

30. Орталық бухгалтерлік есеп жүргізеді және заңнамаға сәйкес есеп ұсынады.

31. Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуді заңнамамен белгіленген тәртіппен Министрлік жүзеге асырады.

7-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

32. Орталық жұмысының режимі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы нормаларына қайшы болмау керек.

8-тарау. Орталықты қайта құру және тарату

33. Орталықты қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

34. Орталық таратылған кезде оның мүлкі мен кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған ақшасы республикалық бюджет кірісіне аударылады.

9-тарау. Орталық филиалдары туралы мәлімет

35. Орталықтың төмендегідей филиалдары бар:

1) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Астана қ. бойынша филиалы;

2) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Алматы қ. бойынша филиалы;

3) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Ақмола облысы бойынша филиалы;

4) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Алматы облысы бойынша филиалы;

5) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Ақтөбе облысы бойынша филиалы;

- 6) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Атырау облысы бойынша филиалы;
- 7) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Павлодар облысы бойынша филиалы;
- 8) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы;
- 9) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Қызылорда облысы бойынша филиалы;
- 10) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Жамбыл облысы бойынша филиалы;
- 11) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы;
- 12) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Қарағанды облысы бойынша филиалы;
- 13) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Маңғыстау облысы бойынша филиалы;
- 14) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы;
- 15) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Шымкент қ. бойынша филиалы;
- 16) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Қостанай облысы бойынша филиалы;
- 17) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Түркістан облысы бойынша филиалы;
- 18) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Абай облысы бойынша филиалы;
- 19) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Ұлытау облысы бойынша филиалы;
- 20) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің Жетісу облысы бойынша филиалы;

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2020 жылғы _____
№ _____ бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің Жарғысы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазселденқорғау мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – мемлекеттік мекеме) сел, қар көшкіні, сырғыма туралы ескерту және олардың зардаптарын жою, сел қауіптілігінің дәрежесін бағалау, бақылау және құлақтандыру қызметтерінің сәйкес әрекеттерін қамтамасыз ету қызметтерін жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: республикалық.

3. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі № 482 "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағынысты жекелеген ұйымдары туралы" қаулысымен "Қазселденқорғау" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын қайта құру жолымен құрылды. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 919 "Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы" қаулысына сәйкес қайта аталды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

5. Сәйкес саланың уәкілетті органы, сонымен қатар оған қатысты қызмет субъектісінің құқығы және мемлекеттік мекеменің мүлік қатынастарын іске асыратын орган Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – министрлік) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ш. Қалдаяқов көшесі, 70.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеме, оның мемлекеттік тіркелу уақытынан бастап құрылған болып саналады және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Мемлекеттік мекемеде жеке теңгерімі, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген бланктері, мөрлері және мемлекеттік мекеменің атауы болады.

10. Мемлекеттік мекеме белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлікке ие болу, пайдалану, басқару құқығы берілген, өзара байланысқан өндірістік-пайдалану ұйымдар кешені болып саналады.

11. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшаға жауап береді. Мемлекеттік мекеменің ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда, оның

міндеттемелері бойынша жәрдем ақша жауапкершілігін Қазақстан Республикасы немесе сәйкес бюджет қаражатының әкімшілік-аумақтық бірлігі алады.

12. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық аумақтық бөлімшелерінде міндетті тіркеуінен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні және мақсаты

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының селдің, қар көшкінінің, сырғыманың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды жүргізуге және ұйымдастыруға қатысу, тиісті бақылау және құлақтандыру қызметтерімен қамтамасыз ету.

14. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының халқын, объектілерін және аумақтарын қауіпті табиғи жағдайлардың әсерінен (сел ағындарынан, қар көшкіндерінен, сырғымалардан) сенімді қорғауды қамтамасыз ету, олардың зардаптарын жоюды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысу болып табылады.

15. Көрсетілген мақсатқа жету үшін мемлекеттік мекеме тікелей немесе ведомствоға бағынысты ұйымдар мен қызметтер арқылы төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) қорғаныс инженерлік имараттарын пайдалану мен құрылысының ағымдық және болашақ жоспарларын әзірлейді;

2) мемлекеттік тапсырыс беруші функцияларын, селге, қар көшкініне қарсы және т.б қорғаныс имараттары, кешендері және нысандарын пайдалану, жалпы құрылыстық, жөндеу, қорғау және реттеу, апатты қайта келтіру жұмыстарын атқарады;

3) Мемлекеттік мекеме теңгерімінде тұрған селге қарсы және басқа да қорғау құрылыстарын пайдалану, ұстау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

4) қауіпті табиғи нысандарға бақылау қызметін және төтенше жағдайдың ықтималдығы немесе туындауы туралы құлақтандырудың бекітілген сұлбасына сәйкес қызмет көрсету аймақтарында сел тасқыны, қар көшкіні және басқа да қауіпті табиғи құбылыстардың қауіпі мен туындауы туралы құлақтандыруды ұйымдастырады;

5) тау беткейлерінің, биік таулы мұздақ және мұздық көлдердің қауіптілігін төмендету бойынша алдын алу шараларын әзірлейді және оларды жүзеге асырады; қар көшкінін алдын ала түсіру жұмыстарын орындайды;

6) селге, қар көшкініне, сырғымаға әкелетін аумақтарға зерттеу жүргізеді және есепке алады, әлеуетті қауіптілігін бағалайды;

7) Мемлекеттік мекеменің қызмет көрсету аймақтарында сел, көшкін, сырғыма қауіпті нысандардағы зардаптарды жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

8) Министрліктің тапсырмасы бойынша табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жұмыстарына қатысады;

9) жедел және өндірістік байланыстың ведомстволық жүйелерін, ультра қысқа толқынды сәулелерді шығаратын қондырғыларды ұстау және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

10) таулы аймақтарды пайдалану бойынша ұсынымдар береді, Министрліктің аумақтық органдарымен бірлесе отырып хабарлама-ұсынымдар береді;

11) жобаларға, іс-шараларға, сондай-ақ қызмет көрсететін аймақтардағы халықты, объектілерді және аймақтарды қорғау бойынша басқа ведомствалардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың жұмыстарын жүргізу мерзімдері бойынша ұсынымдар береді;

12) Мемлекеттік мекеме құзыретіне енетін мәселелер жөнінде басқа да ұйымдармен және мемлекеттік мекеменің бөлімшелерінің өзара іс-қимылын үйлестіреді;

13) ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік құпиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ету бойынша қызметін жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 01.10.2021 № 492 бұйрығымен.

16. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен, не болмаса басшысының Жарғы бойынша құзыретімен анықталған әрекет мақсатына қайшы жасалған мәмілесі, сәйкес қызметтің уәкілетті органының (жергілікті орындаушы органы) немесе мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органының, не болмаса прокурордың талап арызы бойынша заңсыз деп танылуы мүмкін.

17. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеме атынан Жарғыдан тыс әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары, еңбек тәртібінің бұзылуы болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға ықпал етеді. Мемлекеттік мекеменің Жарғысында бекітілген мақсаты мен мәніне сәйкес емес қызметтердің сонымен қатар мәмлеге келу, жүзеге асырылуына тыйым салынады.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

18. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Министрлік жүзеге асырады.

19. Министрліктің заңнамада белгіленген тәртіппен төмендегідей қызметтерді жүзеге асырады:

1) Мемлекеттік мекемеге мүліктерді бекітеді;

2) Мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;

3) Мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) Мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және басшылық жауапкершілігін, оны отырған лауазымынан босату негізін анықтайды;

5) Мемлекеттік мекеме басшысының және вице-министрдің ұсыныстары бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

6) Мемлекеттік мекеме басшысының ұсынысы бойынша Филиал басшыларын лауазымға тағайындауды келіседі;

7) Жылдық қаржылық есептілікті бекітеді.

8) Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе жеке шаруашылық әрекеттері нәтижесінде алынған мүліктерін қайта бөлісуге немесе алуға келісім береді;

9) Мемлекеттік мүлік уәкілетті құрылымның келісімі бойынша қайта ұйымдастырады және республикалық мемлекеттік мекеменің жоюын жүзеге асырады (жергілікті атқарушы орган коммуналдық мемлекеттік мекемеде қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды);

10) Қазақстан Республикасының заңнамалары мен орнатылған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік мекемелердің Жарғысын бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Төтенше жағдайлар министрдің бұйрығымен жүзеге асырылады.

21. Мемлекеттік мекеменің басшысы лауазымға Төтенше жағдайлар министрдің бұйрығымен тағайындалады және лауазымынан босатылады.

22. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Министрлікке тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз қызметтерінің жүзеге асырылуына дербес жауапкершілікте болады.

23. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидатымен жұмыс істейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалған мемлекеттік мекеменің құзіретіне сәйкес өз қызметінің мәселелерін өздігінен шешеді.

24. Мемлекеттік мекеменің әрекетін жүзеге асыру барысында, басшысы орнатылған заңнамаға сәйкес:

1) сенімхатсыз мемлекеттік мекеме атынан әрекет етеді;

2) барлық ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесіне өкілдік етеді;

3) заңнамада белгіленген жағдайлар мен шегінде мүлікке билік етеді;

4) шарттар жасайды;

5) сенімхаттар береді;

6) іс-сапарлар, сынақтан өту, және қызметкерлердің біліктілігін көтерудің өзге де түрлері бойынша мемлекеттік мекеменің жоспарларын және тәртібін бекітеді;

7) қазынашылық органдарында шоттар ашады;

8) барлық қызметкерлерге міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

9) мемлекеттік мекемеге Министрлік тағайындаған қызметкерлерден тыс, қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және қызметтен босатады;

10) мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін марапаттау және тәртіптік жазалау бойынша шара қолданады;

11) өз орынбасарларының және мемлекеттік мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің өкілеттік аясын және міндеттерін анықтайды;

12) құрылымдық бөлімшелер (филиалдар) туралы ережелерді бекітеді, филиалдардың әрекет мақсаты мен мәніне өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

13) сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылыққа жол берілген әрбір факті бойынша қарамағындағы құрылымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет ету бойынша дербес жауапкершілікте болады.

5-тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

25. Мемлекеттік мекеменің мүлкі Министрліктің оған берген мүлкі есебінен қалыптасады және негізгі қор мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны мемлекеттік мекеменің теңгерімінде көрсетілген өзге де мүліктен құрылады.

26. Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған жедел басқару құқығында берілген және мемлекеттік меншікке жатады.

27. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады.

28. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және заңнамаға сәйкес есеп береді.

29. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру мен тексерісті заңнамада белгілеген тәртіппен Министрлік жүзеге асырады.

6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен орнатылады және Қазақстан Республикасының еңбек заңдылықтары мен нормаларына қарсы келмеуі қажет.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен қосымшалар енгізу тәртібі

31. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен қосымшалар енгізу өкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен қосымшалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8-тарау. Мемлекеттік мекеменің қайта құрылуы және таратылу шарттары

33. Мемлекеттік мекеменің қайта құрылуы және таратылуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9-тарау. Мемлекеттік мекеменің өкілдіктері мен филиалдары туралы мағлұматтар

34. Мемлекеттік мекеменің келесі өкілдіктері мен филиалдары:

- 1) Алматы қалалық пайдалану-техникалық басқармасы (Алматы қаласы);
- 2) Жетісу Алатау аумақтық пайдалану басқармасы (Жетісу облысы, Талдықорған қаласы);
- 3) Іле Алатау аумақтық пайдалану-техникалық басқармасы (Алматы облысы, Есік қаласы);
- 4) Шығыс Қазақстан аумақтық пайдалану басқармасы (Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы);
- 5) Жамбыл аумақтық пайдалану басқармасы (Жамбыл облысы, Тараз қаласы);
- 6) Оңтүстік аумақтық пайдалану –техникалық басқармасы (Шымкент қаласы);
- 7) Абай аумақтық пайдалану басқармасы (Семей қаласы).

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 01.10.2021 № 492; 14.07.2022 № 265; 22.09.2022 № 95 бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2020 жылғы _____
№ _____ бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Республикалық құтқару қызметі "Барыс" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы

Ескерту. Жарғының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 12.03.2026 № 110 бұйрығымен.

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 10.10.2023 № 551 бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Республикалық құтқару қызметі "Барыс" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды алдын алу және жою жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 12.03.2026 № 110 бұйрығымен.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: республикалық.

3. Мекеме "Республикалық жедел құтқару жасағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 28 ақпандағы №235 қаулысына сәйкес құрылды.

4. Қызметтің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан мемлекет болып табылады.

5. Мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылық жасау бойынша уәкілетті орган, сондай-ақ Мекеме мүлкіне қатысты құқық субъектісі функцияларын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) болып табылады.

6. Мекеменің атауы: "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Республикалық құтқару қызметі "Барыс" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 12.03.2026 № 110 бұйрығымен.

7. Мекеменің орналасқан жері: 050027 индексі, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Ақжар шағын ауданы, Дәулеткерей көшесі, 198.

2-тарау. Мекеменің заңды мәртебесі

8. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Мекеме Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мекеме өзінің қарамағындағы ақшаға ақшаға өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мекеме қызметінің мәні табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды алдын алу және жою болып табылады.

13. Мекеме қызметінің мақсаты авариялық-құтқару мен шұғыл, оның ішінде ерекше күрделі және жоғары қауіптіліктегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу болып табылады.

14. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін:

1) авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды, оның ішінде іздестіру, суда-құтқару және сүнгуірлік-іздестіру жұмыстарын жүргізуді;

2) Министрлік басшылығының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ел аумағынан тыс жерде болған төтенше жағдайларды жоюға қатысуды;

3) жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мекемелермен, ұйымдармен және кәсіпорындармен бірлесіп халықтың, оның ішіндегі судағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды іске асыруға қатысуды;

4) табиғи және техногендік сипаттағы, оның ішінде су айдындарындағы төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған халық арасында профилактикалық және түсіндіру жұмыстарына қатысуды;

5) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге дәрігерге дейін медициналық көмек көрсетуді;

6) Мекеменің төтенше жағдайлар туындаған аймақтарға және авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізуге жылжытуға күштер мен құралдарын тұрақты әзірлікте ұстауды;

7) жеке құрамды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасына, адамдардың өмірін құтқару және көмек көрсету бойынша іс-қимылдарға үнемі жүйелі арнайы даярлықты жүргізуді;

8) Министрліктің кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің I-II және III топ сүңгуірлік жұмыстар мамандығы сүңгуірлерін, рульдік шағын кемелер мотористерін және компрессорлық қондырғылардың операторларын даярлауды;

9) ерікті құтқарушыларды және су айдындарындағы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушыларды даярлау бойынша курстар ұйымдастыруды, қоғамдық құтқару бекеттерін құру бойынша шаралар қабылдауды;

10) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерді құтқару және көмек көрсету тәсілдеріне халықты оқытуға қатысуды;

11) Мекеме қызметкерлерінің жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру мақсатында медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша және материалдық-техникалық жабдықтау бойынша іс-шаралар жүргізуді жүзеге асырады;

12) апатқа ұшыраған туристерге қажетті көмек көрсетеді.

15. Мекемеге осы Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мекеменің жұмыс мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында айқын шектелген не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың қуынымы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мекемені басқару

17. Мекемені жалпы басқаруды Министрлік жүзеге асырады.

18. Министрлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) Мекеменің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) Мекеме Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

5) Мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібін және өкілеттік мерзімін, мекеменің шешім қабылдау тәртібін айқындайды;

6) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, мекеме басшысын және басшысының орынбасарын атқаратын лауазымдарынан босату үшін негіздерді айқындайды;

7) Мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

8) Мекеме басшысын және мекеме басшысының орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

10) Мекеменің балансында тұрған мүлікті алып қою және бөлу мәселелерін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келіседі;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Министрлік қызметке Мекеменің басшысын тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Мекеме басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Министрлікке тікелей бағынады және мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

21. Мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

23. Мекеме қызметін жүзеге асыру кезінде Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдарда (мекемелерде) және өзге де ұйымдарда Мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) Мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, демалыстар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді (қызметкерлердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға шығуы Министрдің келісімі бойынша жүзеге асырылады);

6) банк шоттарын ашады;

7) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады және Мекеменің барлық қызметкеріне міндетті нұсқау береді;

8) Министрлік тағайындайтын қызметкерлерден басқа мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мекеме қызметкерлерін көтермелеу шараларын қабылдайды және оларға тәртіптік жаза қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін айқындайды;

11) Мекеменің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін, Мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

12) Мекеменің аттестаттау комиссиясы қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

13) Мекеменің жыл сайынғы жұмыс жоспары мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға ден қоюдың жедел жоспарын әзірлеуді және вице-министрге бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді;

14) белгіленген нысандарға сәйкес Министірлікке есептілікті уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

15) Мекеменің құрылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы дербес жауапты болады сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдайды;

16) Мекеменің ерекшеленген қызметкерлерін, сондай-ақ авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуде ерекшеленген азаматтарды мемлекеттік және ведомстволық наградалармен наградау бойынша Министірлікке ұсыныс енгізеді;

17) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақтылы қарауды қамтамасыз етеді;

18) Мекеменің қызметін ақпараттық-аналитикалық, ұйымдық-құқықтық, жұмылдыру, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

19) өз құзыреті шегінде мемлекеттік сатып алу жүргізуді ұйымдастырады;

20) мына:

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою бойынша авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысқан құтқарушыларға медициналық қызмет көрсету мен медициналық және психологиялық оңалтуды жақсарту;

Мекеме күштері мен құралдарының кәсіби шеберлігін жетілдіру және төтенше жағдайлар аймағына жылжытуға және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге тұрақты әзірлікте ұстау;

қызметкерлерді дәрігерге дейін және медициналық көмек көрсету бойынша даярлау және оқыту;

өз оқу-жаттығу жаттықтыру базаларын құру;

Қазақстан Республикасында және одан тыс кәсіби және ерікті авариялық-құтқару қызметтерімен және құралымдармен өзара іс-қимыл жасауды дамыту бойынша шаралар қабылдайды;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Мекеменің мүлкін құру тәртібі

24. Мекеменің бекітілген мүлікті жедел басқаруға құқығы жоқ. Мекеменің республикалық бюджет есебінен сатып алынған және жергілікті бюджеттен белгіленген тәртіпте берілген өзіне бекітілген мүлкі республикалық меншікке жатады.

25. Мекеме мүлкінің бағасы оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеме мүлкі:

мемлекет оған тапсырған және республикалық бюджетте есебінен сатып алынған мүлік;

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен қалыптасады.

26. Мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

27. Мекеменің жұмысы республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

28. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

29. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте уәкілетті орган жүзеге асырады.

6-тарау. Мекеменің жұмыс режимі

30. Мекеменің жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Мекеменің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу министрліктің шешімі бойынша жүргізіледі және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және

филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8-тарау. Қызметті қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

32. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2020 жылғы 3 қарашадағы
№17 бұйрығына
5-қосымша

"Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы

Ескерту. Жарғының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.07.2024 № 259 бұйрығымен.

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.03.2023 № 136 бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) бейбіт уақытта және соғыс уақытында азаматтық қорғау іс-шараларын орындау функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.07.2024 № 259 бұйрығымен.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: республикалық.

3. Мемлекеттік мекеме КСРО Қарулы Күштері Бас штабының 1973 жылғы 1 сәуірдегі № 314/11/00558 Директивасымен құрылды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі".

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.07.2024 № 259 бұйрығымен.

7. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: Қазақстан Республикасы, индексі 040600, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылдық округі, Ұзынағаш ауылы, Бәйдібек би көшесі, 29 құрылыс.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Жауынгерлік Туы, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу арқылы халықты, объектілерді және аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеменің мақсаты азаматтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) бейбіт уақытта:

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайларды жою;

жауынгерлік, жұмылдыру және саяси дайындықты ұйымдастыру;
төтенше жағдайлар аймақтарындағы халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау;

төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатысу;

Министрліктің қарауындағы басқару пункттерін күзетуді және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

төтенше жағдайлар аймақтарына, оның ішінде шет мемлекеттерге де жеткізілетін жүктерді тасымалдау, алып жүру және күзету;

жұмылдыра өрістетуге дайындық және жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

оқу объектілерін, полигондарды әзірлікте ұстап тұру;

2) соғыс уақытында:

қорғаныс шептері мен позицияларын құру;

зақымдау ошақтары мен зарарлану аймақтарында радиациялық, химиялық барлау жүргізу;

зақымдау ошақтарында, зарарлану және апатты су басқан аймақтарда авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу;

әуеайлақтарды, жолдарды, өткелдерді және тыл инфрақұрылымының басқа да маңызды бөліктерін қалпына келтіру, қайта тиеу пункттерін жабдықтау;

эвакуациялық іс-шаралар жүргізуге қатысу;

аумақтық қорғаныстың жекелеген міндеттерін орындау;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының қорғанысты ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындау.

15. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле Министрліктің, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Министрлік жүзеге асырады.

18. Министрлік заңнамада белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекемені жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымын айқындайды;

6) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

7) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

9) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

11) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің жедел-қызметтік қызметіне басшылық жасауды және үйлестіруді Министрліктің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті (бұдан әрі – Комитет) жүзеге асырады.

20. Әскери бөлімнің командирі (бұдан әрі - Командир) заңнамаға сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. Командир мемлекеттік мекеменің қызметтік-жауынгерлік қызметін ұйымдастырады, оған басшылық етеді және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен оның функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

22. Командир дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Командирдің мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

24. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында Командир Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) Министрліктің және Комитеттің келісімі бойынша мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, оқу орындарында (орталықтарда) оқыту және біліктілікті арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;

- 6) барлық әскери қызметшілер мен азаматтық қызметшілер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) белгіленген тәртіппен банк шоттарын ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынады;
- 8) әскери қызметшілерге және азаматтық қызметшілерге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады ;
- 9) бұйрықтар шығаруға құқығы бар лауазымды адамдардың тізбесіне сәйкес әскери атақтар беру туралы ұсынымдар береді және енгізеді;
- 10) өз орынбасарларының және мемлекеттік мекеменің басқа да лауазымды адамдарының міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) қаржы құжаттарына бірінші қол қоюға құқығы бар;
- 12) мемлекеттік мекеменің күшері мен құралдарын төтенше жағдайлар аймақтарына аттануға тұрақты дайын болу және құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге кәсіби шеберлігін жетілдіру және қолдау бойынша шаралар қабылдайды;
- 13) жеке құрамды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;
- 14) әкімшілік – тұрмыстық кешенді пайдалануды, әскери және басқа да техниканы, авариялық-құтқару жабдығын, байланыс құралдарын, мүкәммалды және басқа да мүлікті жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 15) өз құзыреті шегінде мемлекеттік сатып алуды өткізуді, сондай-ақ қаржылық жоспарлауды, бухгалтерлік есепті және қаржылық есептілікті жүргізуді ұйымдастырады;
- 16) Комитет пен Министрлік белгілеген нысандарға сәйкес есептіліктің уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді;
- 17) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақтылы қарауды қамтамасыз етеді;
- 18) ұжымда моральдық-психологиялық ахуалды сақтауға, бағынысты әскери қызметшілердің әдеп кодексін және қызметте және тұрмыста міндетті мінез-құлық нормаларын сақтауына, құрылымдық бөлімшелердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға дербес жауапты болады;
- 19) қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыс және құқық бұзушылық жасаған әрбір фактісі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қолданады;
- 20) алғашқы медициналық және медициналық көмек көрсету бойынша қызметкерлерді даярлау және оқыту жөнінде шаралар қабылдайды;
- 21) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жүйелі мәселелерді анықтауды және талдауды жүзеге асырады;
- 22) қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін жағдайда әскери бөлімнің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеттілігін қамтамасыз етеді;

23) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және Министрлікпен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Командир болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

5-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

25. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден тұрады.

26. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметін Министрлік бюджеттен қаржыландырады.

28. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

29. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Министрлік жүзеге асырады.

6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтайшы құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар Министрліктің шешімі бойынша жүзеге асырылады, және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

32. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкіұлы Есет батыр атындағы 20982 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы

Ескерту. 5-1-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.07.2024 № 259 бұйрығымен.

Ескерту. 5-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.03.2023 № 136 бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкіұлы Есет батыр атындағы 20982 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) бейбіт уақытта және соғыс уақытында азаматтық қорғау іс-шараларын орындау функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.07.2024 № 259 бұйрығымен.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: республикалық.

3. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2023 жылғы 13 ақпандағы № 122 қаулысымен құрылды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкіұлы Есет батыр атындағы 20982 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі".

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.07.2024 № 259 бұйрығымен.

7. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: Қазақстан Республикасы, индексі 030001, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Құрашасай тұрғын алабы, Абай көшесі, 328 құрылыс.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Жауынгерлік Туы, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу арқылы халықты, объектілерді және аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеменің мақсаты азаматтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) бейбіт уақытта:

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайларды жою;

жауынгерлік, жұмылдыру және саяси дайындықты ұйымдастыру;

төтенше жағдайлар аймақтарындағы халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау;

төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатысу;

Министрліктің қарауындағы басқару пункттерін күзетуді және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

төтенше жағдайлар аймақтарына, оның ішінде шет мемлекеттерге де жеткізілетін жүктерді тасымалдау, алып жүру және күзету;

жұмылдыра өрістетуге дайындық және жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

оқу объектілерін, полигондарды әзірлікте ұстап тұру;

2) соғыс уақытында:

қорғаныс шептері мен позицияларын құру;

зақымдау ошақтары мен зарарлану аймақтарында радиациялық, химиялық барлау жүргізу;

зақымдау ошақтарында, зарарлану және апатты су басқан аймақтарда авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу;

әуеайлақтарды, жолдарды, өткелдерді және тыл инфрақұрылымының басқа да маңызды бөліктерін қалпына келтіру, қайта тиеу пункттерін жабдықтау;

эвакуациялық іс-шаралар жүргізуге қатысу;

аумақтық қорғаныстың жекелеген міндеттерін орындау;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының қорғанысты ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындау.

15. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле Министрліктің, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Министрлік жүзеге асырады.

18. Министрлік заңнамада белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекемені жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымын айқындайды;

6) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

7) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

9) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

11) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің жедел-қызметтік қызметіне басшылық жасауды және үйлестіруді Министрліктің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті (бұдан әрі – Комитет) жүзеге асырады.

20. Әскери бөлімнің командирі (бұдан әрі - Командир) заңнамаға сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. Командир мемлекеттік мекеменің қызметтік-жауынгерлік қызметін ұйымдастырады, оған басшылық етеді және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен оның функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

22. Командир дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Командирдің мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

24. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында Командир Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) Министрліктің және Комитеттің келісімі бойынша мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, оқу орындарында (орталықтарда) оқыту және біліктілікті арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;

6) барлық әскери қызметшілер мен азаматтық қызметшілер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) белгіленген тәртіппен банк шоттарын ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынады;

8) әскери қызметшілерге және азаматтық қызметшілерге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады ;

9) бұйрықтар шығаруға құқығы бар лауазымды адамдардың тізбесіне сәйкес әскери атақтар беру туралы ұсынымдар береді және енгізеді;

10) өз орынбасарларының және мемлекеттік мекеменің басқа да лауазымды адамдарының міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) қаржы құжаттарына бірінші қол қоюға құқығы бар;

12) мемлекеттік мекеменің күшері мен құралдарын төтенше жағдайлар аймақтарына аттануға тұрақты дайын болу және құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге кәсіби шеберлігін жетілдіру және қолдау бойынша шаралар қабылдайды;

13) жеке құрамды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

14) әкімшілік – тұрмыстық кешенді пайдалануды, әскери және басқа да техниканы, авариялық-құтқару жабдығын, байланыс құралдарын, мүкәммалды және басқа да мүлікті жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді және бақылайды;

15) өз құзыреті шегінде мемлекеттік сатып алуды өткізуді, сондай-ақ қаржылық жоспарлауды, бухгалтерлік есепті және қаржылық есептілікті жүргізуді ұйымдастырады;

16) Комитет пен Министрлік белгілеген нысандарға сәйкес есептіліктің уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді;

17) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақтылы қарауды қамтамасыз етеді;

18) ұжымда моральдық-психологиялық ахуалды сақтауға, бағынысты әскери қызметшілердің әдеп кодексін және қызметте және тұрмыста міндетті мінез-құлық нормаларын сақтауына, құрылымдық бөлімшелердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға дербес жауапты болады;

19) қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыс және құқық бұзушылық жасаған әрбір фактісі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қолданады;

20) алғашқы медициналық және медициналық көмек көрсету бойынша қызметкерлерді даярлау және оқыту жөнінде шаралар қабылдайды;

21) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жүйелі мәселелерді анықтауды және талдауды жүзеге асырады;

22) қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін жағдайда әскери бөлімнің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеттілігін қамтамасыз етеді;

23) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және Министрлікпен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Командир болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

5-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

25. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден тұрады.

26. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметін Министрлік бюджеттен қаржыландырады.

28. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

29. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Министрлік жүзеге асырады.

6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтайшы құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар Министрліктің шешімі бойынша жүзеге асырылады, және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

32. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2020 жылғы 3 қарашадағы
№17 бұйрығына
6-қосымша

"Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Қасым Қайсенов атындағы 68303 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысы

Ескерту. Жарғының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.07.2024 № 259 бұйрығымен.

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 27.03.2023 № 136 бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Қасым Қайсенов атындағы 68303 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) бейбіт уақытта және соғыс уақытында азаматтық қорғау іс-шараларын орындау функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.07.2024 № 259 бұйрығымен.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: республикалық.

3. Мемлекеттік мекеме КСРО Ішкі істер министрінің 1959 жылғы 04 қазандағы № 087 бұйрығымен құрылды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Қасым Қайсенов атындағы 68303 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі".

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 03.07.2024 № 259 бұйрығымен.

7. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: Қазақстан Республикасы, индексі 071400, Абай облысы, Семей қаласы, Сорокина көшесі, 18 үй.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Жауынгерлік Туы, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу арқылы халықты, объектілерді және аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеменің мақсаты азаматтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) бейбіт уақытта:

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайларды жою;

жауынгерлік, жұмылдыру және саяси дайындықты ұйымдастыру;

төтенше жағдайлар аймақтарындағы халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау;

төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатысу;

Министрліктің қарауындағы басқару пункттерін күзетуді және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

төтенше жағдайлар аймақтарына, оның ішінде шет мемлекеттерге де жеткізілетін жүктерді тасымалдау, алып жүру және күзету;

жұмылдыра өрістетуге дайындық және жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

оқу объектілерін, полигондарды әзірлікте ұстап тұру;

2) соғыс уақытында:

қорғаныс шептері мен позицияларын құру;

зақымдау ошақтары мен зарарлану аймақтарында радиациялық, химиялық барлау жүргізу;

зақымдау ошақтарында, зарарлану және апатты су басқан аймақтарда авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу;

әуеайлақтарды, жолдарды, өткелдерді және тыл инфрақұрылымының басқа да маңызды бөліктерін қалпына келтіру, қайта тиеу пункттерін жабдықтау;

эвакуациялық іс-шаралар жүргізуге қатысу;

аумақтық қорғаныстың жекелеген міндеттерін орындау;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының қорғанысты ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындау.

